

*Төлеби ауданының білім бөлімінің
«Алина» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны*

Өндірістік кеңес жиналысының хаттамалары

2023-2024 оқу жылы

Ленгiр қаласы

«Алина» бөбекжай-бақшасында өткізілген өндірістік жиналыстың

№ 1 мәжіліс хаттамасы

Өткізілген күні: 05.09. 2023 жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі А.Е.Тургунбекова, әдіскер, шаруа меңгерушісі, медбике, аспаздар, бөбекжай тәрбиешілері, тәрбиеші көмекшілері және т.б. барлық бөбекжай қызметкерлері

Қатысқандар саны: 24 адам

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Барлық қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстыру ✓
2. Жұмыс орнындағы техника қауіпсіздігі және бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулармен таныстыру
3. Ішкі еңбек тәртібі, жұмыс кестесі күн тәртібімен таныстыру.
4. Топтардағы мәдени-гигиеналық талаптардың орындалу барысы.

Өндірістік кеңесті бөбекжай меңгерушісі Тургунбекова Ақмарал Есиркепқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі қаралатын бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Тургунбекова Ақмарал Есиркепқызы сөйлеп, қызметкер-лерді лауазымдық міндеттерімен таныстырды. Әр қызметкер өз міндетін жауапкершілікпен орындап, лауазымдық міндеттеріне жауапкершілікпен қарау керектігі жайлы айтып түсіндірді. Тәрбиеші баланың психологиялық, танымдық қабілеттері, физиологиялық дене дамуына ықпал етумен қатар балалардың мектепке дейінгі мекемеде болуы кезінде олардың өмірі мен денсаулығына жауапты екенін, ал топ бөлмесінің, асхана мен жатын бөлме, дәретхананың тазалығына тәрбиешісі көмекшісі жауапты екенін атап өтті. Барлық қызметкерлер өз міндеттерімен танысып, қол қойды және өз міндеттерін жауапкершілікпен орындайтынын айтып, бірауыздан келісті.

Сөйледі: күн тәртібіндегі қаралатын екінші мәселе бойынша шаруа меңгерушісі Сауле Шегебаева сөз сөйлеп, жұмыс орнындағы техника қауіпсіздігі және ұйымдастырылған іс-әрекеті, серуен, топта болған уақытта әр қызметкер өз жұмыс орнындағы сақтық шараларын сақтауды және аса

маңызды бала өмірі мен денсаулығын қорғаудың нұсқаулықтарымен таныстырып, айтып өтті.

Жарыссөзге шыққандар: әдіскер Дильбара Куралбаева тәрбиешілер шығармашылық саласы бойынша іс-әрекеттерін өткізу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау, ойнау, серуендеу, сауықтыру шаралары барысында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету керегін айтты. Балаларды ойын алаңында, бөлмеде, асханада жалғыз қалдыруға тыйым салынатынын ескертті.

Сөйледі: күн тәртібіндегі қаралатын үшінші мәселе бойынша бөбекжайдың кәсіподақ комитетінің төрайымы Куралбаева Дильбара сөйлеп, ішкі еңбек тәртібі мен ішкі күн тәртібімен таныстырды. Бөбекжайда еңбек тәртібінің маңыздылығы жайлы айтып түсіндірді және ішкі тәртіп сақталмаған жағдайда бала өміріне қауіп төнетінін жайлы айтып өтті. Бөбекжайдың ішкі еңбек тәртібінің ережесі мен жұмыс кестесімен таныстырып, бекітуге ұсыныс айтты. Бұл ұсынысты бөбекжай қызметкерлері түгел қолдады.

Тыңдалды: күн тәртібіндегі қаралатын төртінші мәселе бойынша бөбекжай медбикесі Абилдаева Қымбат сөйлеп, топтардағы мәдени-гигиеналық талаптардың орындалу барысы туралы айтты. топтарда күн тәртібінің орындалуы, тазалығы талапқа сай. Балалардың тазалығы, тамақтануы, серуенге шығуы, күн тәртібін сақталуы күнделікті қадағаланып, талапқа сай жүргізіліп жатқаны туралы айтты.

Өндірістік кеңестің шешімі:

1. Бөбекжайдың барлық қызметкерлері лауазымдық міндеттерімен таныстырылып, өз міндеттерін орындасын.
2. Жұмыс орнындағы техника қауіпсіздігі және бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулар талаптары сақталынсын.
3. Ішкі еңбек тәртібі, жұмыс кестесі, күн тәртібі бекітілсін.
4. Топтардағы мәдени-гигиеналық талаптардың орындалуы жалғастырылсын.

Бөбекжай меңгерушісі
Хатшы:



А.Е.Тургунбекова
Д.У.Куралбаева

«Алина»бөбекжай-бақшасында өткізілген өндірістік жиналыстың

№ 2 мәжіліс хаттамасы

Өткізілген күні: 24.11.2023 жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай-бақша меңгерушісі А.Е.Тургунбекова, әдіскер, шаруа меңгерушісі, медбике, аспаздар ,бөбекжай тәрбиешілері, тәрбиеші көмекшілері және т.б. барлық бөбекжай қызметкерлері

Қатысқандар саны: 24 адам

Күн тәртібінде қаралатын мәселе

- 1.Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау. Жиһаздардың ахуалын тексеру,қауіпсіз жағдай жасау.
- 2.Шынықтыру –сауықтыру жұмыстарының барысы,жұмыстарының барысы, жарақаттың алдын алу үшін нұсқаулар жүргізу.
3. Балаларға ауру сырқаулық талдау жасау.
- 4.Ұжымда дұрыс психологиялық ахуал құру.Еңбек тәртібі.

Өндірістік кеңесті бөбекжай меңгерушісі Тургунбекова Акмарал Есиркепқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Тыңдалды: Өткен өндірістік кеңес шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтіп. Қорытындылады.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжайдың шаруа меңгерушісі Шегебаева Сауле сөйлеп, стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау,жиһаздардың ахуалын тексеру,қауіпсіз жағдай жасау туралы айта келе,топтарды жабдықтау ережеге сәйкес жүргізіледі деді. Жиһаздардың сынық болмауы ,мықты бекітілуі,қауіпсіз жағдайда болуы күнделікті бақылауда болып, тексеріліп отырылады.Балаларға қауіпсіздік келтіретін жағдай немесе жихаздардың бекітілуі босап қалған жағдай орын алса,уақытысында қалпына келтіріледі.Тәрбиешілердің,тәрбиеші көмекшілерінің, медбикенің топтарда қауіпсіз жағдайдың болуы керек екеніне жауапты екенін қатаң ескертіп, айтып өтті.

Сөйледі: күн тәртібіндегі қаралатын екінші мәселе бойынша бөбекжай медбикесі Абилдаева Қымбат сөйлеп, шынықтыру- сауықтыру

жұмыстарының барысы туралы және жарақаттың алдын алу үшін жүргізілетін нұсқауларды таныстырды. Балалар жарақат алмауы үшін, алдын ала балалардың ойын бөлмесінің, жатын бөлмесінің, ауланың т.б. бөлмелердің, заттарының, қауіпсіз болуы тексерілуі қажет екенін айтып, нұсқаулармен таныстырды.

Жарыссөзге шыққандар: Әдіскер Диьбара Куралбаева Шынықтыру -сауықтыру жұмыстарының барысы жоспарға, күн тәртібіне сай жүргізіліп жатқанын, яғни балалар таза ауаға, серуенге, күн тәрбінің уақытысымен шығады. Ұйқыдан тұрған соң ұйқыашар жаттығулары, ойын түріндегі массаждар, денсаулық кілемшелерінен жүру, тастардың үстімен жүру, нүктелі массаж әдісі т.б. шынықтыру түрлері жас ерекшеліктеріне сай өткізілуде деді.

Сөйледі: күн тәртібіндегі қаралатын үшінші мәселе бойынша бөбекжай медбикесі Абилдаева Қымбат балалардың денсаулығы туралы, яғни ауру сырқаулық туралы талдау жасады. Балалардың қандай ауру түрлерімен көбірек аурып жүргенін, әсіресе тұмау, іш өту, тамақ ауруларымен қыс уақытында, ауа-райының қолайсыздығына байланысты жиі ауыратынын айтып, алдын алу шаралары туралы кеңес оқыды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша кәсіподақ кеңесінің төрайымы және бөбекжай психологы Д.Куралбаева сөйлеп, ұжымда психологиялық ахуал дұрыс екенін, қызметкерлер бір-бірімен жақсы қарым қатынаста, бірлесе жұмыс атқарып еңбек тәртібін талапқа сай орындап жатқандарын айтты.

Өндірістік кеңестің шешімі:

1. Стандарт талаптарына сай топтар жабдықталып, қауіпсіз жағдайда болуын қадағалау жалғастырылсын.
2. Шынықтыру сауықтыру шаралары жалғастырылып, жарақаттың алдын алу нұсқаулықтары сақталынсын.
3. Балалар ауруларының алдын алу жұмыстары жүргізілсін.
4. Ұжымда дұрыс психологиялық ахуал сақталып, еңбек тәртібі сақталынсын.

Бөбекжай-бақша меңгерушісі:

Хатшы:



А.Е.Тургунбекова.

Д.У.Куралбаева

«Алина»бөбекжай-бақшасында өткізілген кезектен тыс

өндірістік жиналыстың

№ 3 мәжіліс хаттамасы

Өткізілген күні: 04.12. 2023 жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай-бақша меңгерушісі А.Е.Тургунбекова, әдіскер, шаруа меңгерушісі,есепші,медбике, аспаздар ,бөбекжай тәрбиешілері, тәрбиеші көмекшілері және т.б. барлық бөбекжай қызметкерлері

Қатысқандар саны: 24 адам

Күн тәртібінде қаралатын мәселе

1. Бөбекжай-бақшамызға ескірген,тозған қажетті заттарға сұраныс
- 2..Балалардың шығармашылық қабілеттерін,танымдық және зияткерлік дағдыларын дамытуға арналған ойыншықтаға сұраныс
- 3.Бөбекжай-бақшамызға балаларға алғашқы көмек көрсету үшін дәрі дәрмектерге сұраныс.

Өндірістік кеңесті бөбекжай меңгерушісі Тургунбекова Акмарал Есиркепқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжайдың шаруа меңгерушісі Шегебаева Сауле сөйлеп, бөбекжай-бақшамыздың ойын алаңшаларының тозығы жетуіне және балалардың денсаулықтарының қауіпсіздігіне байланысты асфальт төселіп, алаңшаларымызға заманауи ойын кешендері болса, балалар ойынға шыққан кезде қызығып ойнайтын мысалға әткеншек,сырғанақ,мотоцикл т.б ойын түрлері және ойын алаңымызды безендірсек,мысалға айст,гномдар,аюлар тағыда түрлі мүсіндер қойсақ -деп сөзін бастады.

Бөбекжайымыздың іс-қағаздарын жүргізуге арналған компьютердің істен шығуына байланысты компьютер және түрлі түсті принтер қажет. Және асханамызға мантоварка,балалардың кесе,тарелка,бокалдарының сынуына байланысты, балаларға кесе,тарелка,бокалдар қажет. Бөбекжайымыздағы кілем, дорожка, перделердің және балалардың төсеніштерінің ескіруіне байланысты жаңа перделер,кілемдер және төсек орындар жиынтығын алсақ,сол төсек жиынтықтарды үтіктеу үшін үтік,сонымен қатар сүлгілерді ілу үшін ілгіштер,жиһазға арналған есік тұтқалары,есіктердің құлыптарының бұзылуына байланысты құлыптар,

бөбекжайымыздың әктеу, сырлау жұмыстарына қажетті краска, эмульсия және коллерлер қажет.

Әр топқа балалар қолдарын жылы сумен жууға су жылытқыш арестондары, смесительдер, от жағу бөлмесіндегі пештің кеңейткішінің істен шығуына байланысты пешке кеңейткіш (гидроаккумулятор) алсақ және бөбекжайдың 2-ші ғимаратына жаңадан жылыту қазандығы (газовый котёл) қажет, - деп шаруа меңгеруші өз сұраныстары бойынша сөзін аяқтады.

Жарыссөзге шыққандар: Тәрбиеші көмекшісі Жақсыбаева Ляззат сөйлеп, бөбекжайымыздың шаруа меңгерушісі айтып жатқандай балаларға жаңа төсеніштер, кеселер, жаңа бокалдар берілсе деп сұраймыз.

Сөйледі: күн тәртібіндегі қаралатын екінші мәселе бойынша бөбекжай медбикесі Абилдаева Қымбат балалардың денсаулығы туралы, яғни ауру сырқаулық туралы талдау жасады. Балалардың қандай ауру түрлерімен көбірек аурып жүргенін, әсіресе тұмау, іш өту, тамақ ауруларымен қыс уақытында, ауа-райының қолайсыздығына байланысты жиі ауыратынын айтып, алдын алу шаралары туралы кеңес оқыды.

Және балаларға алғашқы көмек көрсету үшін дәрі дәрмектердің қажет екенін айтты. Топтарға градусник, сұйық сабынсу, антисептик, бинт және жөтелге қарсы мукалтин, ыстықты басуға қарсы ибуфен тағыда басқа дәрілер қажет, - деп сөзін аяқтады.

Жарыссөзге шыққандар: Тәрбиеші Мыраманова Сымбат сөйлеп, медбикеміз айтып өткендей балаларға алғашқы көмек көрсету үшін дәрілер және бізге топтарға алғашқы көмек қорапшасына салып қоятын градусник, бинт, зеленка, йод берілсе деп сұраймыз.

Сөйледі: күн тәртібіндегі қаралатын үшінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Куралбаева Дильбара сөйлеп, бөбекжай педагогтарына балалардың физикалық қасиеттерін дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту, балалардың шығармашылық дағдыларын, әлеуметтік – эмоционалды дағдыларын қалыптастыру және балалардың ой-өрісі, есте сақтау, ойлау, қол моторикасын дамыту үшін дамытушы ойын түрлері қажет.

Мысалға Интеллектум ойындары баланың танымын кеңейтуге, логикалық ойлауын дамытуға және құрастыру арқылы балаларды икемділікке, төзімділік пен жауапкершілікке үйретуге арналған, атап өтер болсам жол бағдар, көбелетер, тез тап, саулетші, таяқшалар, 3D бұрыш, көркем өрнек. Осы интеллектум ойындарында алынып, балаларды осы ойын түрлерімен дамытсақ.

Және балаларға спорттық ойындарға доптар, секіргіштер, обручтар қажет және денсаулық бұрышы толықтырылса екен деймін. Балалардың ой-өрісі, есте сақтау, қол моторикасын дамыту үшін бизикуб, бизиборд ойыншықтары, таңғы үстел үсті ойындарына желілі рольдік аспаз, дәріхана, шаштараз ойындары, үтік, тігін машинасы, құрастырғыш конструктор және де түрлі дамытушы ойыншықтары және жоспар бойынша өткізілетін іс-шараларға музыкалық орталық, микрофон керек, жаңа жыл ертеңгілігіне шырша және шыршаның ойыншықтары қажет -деп өз сұраныстарын айтып шықты. Бұл сұранысты бөбекжай педагогтары бірауыздан қолдады.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Шекербекова Сауле сөйлеп, ия біздің мектепалды даярлық тобына ойын арқылы баланың танымын кеңейтуге, логикалық ойлауын дамытуға және құрастыру арқылы балаларды икемділікке, төзімділік пен жауапкершілікке үйрету үшін интеллектум ойындары өте қажет.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Усипова Зауре сөйлеп, әдіскеріміз айтып өткендей денсаулық бұрышы спорттық ойыншықтармен мысалға доптар, секіргіштер, спорттық ойын туннелдерімен толықтырылса. Таңертеңгі қабылдаудан соң ойнатылатын үстел үсті ойындары, желілі рольдік аспаз, шаштараз, асхана ойыншықтары берілсе, деп сөзін аяқтады.

Өндірістік кеңестің шешімі

1. Бөбекжай-бақшамыздағы тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына және денсаулықтарына қауіпсіздік келтірмейтін жағдайлар жасалу үшін, қаржы қарастылып беруді бөбекжай есепшісі Динара Стваеваға жүктеймін.
2. Бөбекжай-бақшамызға қажетті заттарға сұранытар мақұлдансын.
3. Балалардың шығармашылық, танымдық зияткерлік қабілеттерін дамытуға арналған ойыншықтаға сұраныс мақұлдансын.
4. Балалар ауруларының алдын алу жұмыстары жүргізілсін. Балаларға дәрі дәрмектерге сұраныстар мақұлдансын.

Бөбекжай-бақша меңгерушісі:

Хатшы:



А.Е.Тургунбекова.

Д.У.Куралбаева

«Алина» бөбекжай-бақшасында өткізілген өндірістік жиналыстың

№ 4 мәжіліс хаттамасы

Өткізілген күні: 26.04. 2024 жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай-бақша меңгерушісі А.Е.Тургунбекова, әдіскер, шаруа меңгерушісі, медбике, аспаздар, бөбекжай-бақша тәрбиешілері, тәрбиеші көмекшілері және т.б. барлық бөбекжай-бақша қызметкерлері

Қатысқандар саны: 24 адам

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

- 1.Тазалық, тамақтану, дезинфекция ережесін сақтау. Шұғыл бақылау
- 2.Бөбекжай-бақшаның ағымдағы жөндеуі туралы
- 3.Жаз мезгілінде азық-түлік пен тамақтар сапасын арттыру. «10-күндік ас мәзірін құру»

Өндірістік кеңесті бөбекжай-бақша меңгерушісі Тургунбекова Акмарал Есиркепқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Тыңдалды: Өткен өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтіп. Қорытындылады.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша медбикесі Аятова Айдана дезинфекция ережесін сақтау туралы шұғыл бақылау қорытындысы туралы сөйледі. Тазалықты бақылау жұмыстары күнделікті жүргізіліп отырады. Сәуір айының 08-12 аралығында тазалық сақтау ережесі бойынша бақылау мүшелері құралып, тазалық, тамақтану, дезинфекция жүргізу ережелері сақталып, балалардың тазалықтары талапқа сай екені анықталды. Тазалық, дезинфекция жұмыстары күнделікті уақытында жүргізулуде деді.

Сөйледі: күн тәртібіндегі қаралатын екінші мәселе бойынша шаруа меңгерушісі Шегебаева Сауле сөйлеп, бөбекжай-бақшамыздың ағымдағы жөндеуі бойынша айтты. Бөбекжайымыз аса күрделі жөндеу жұмыстарын көп қажет етпейді. Солай болғанымен ауладағы әктеу, сырлау, тазалау жұмыстарын жүргіземіз. Топ бөлмелерін, дәліздерді, асхананы ағымдағы жөндеу бойынша қандай жұмыстар атқарылуы керектігі туралы түсіндірді.

Ұжым болып бірлесіп, бір-бірімізге көмектесіп жұмыс жасауға шақырды. Сонымен бірге қай топта қай күндері жасалатыны туралы айтып өтті.

Жарыссөзге шыққандар: кір жуушы Төлеуишова Меруерт, тәрбиеші көмекшісі Жақсыбаева Ляззат сөйлеп, ағымдағы жөндеу, асханадағы, топтардағы жөндеу туралы сұрады және аула сыпырушы Үрпекбаева Кульшат аулада қандай жөндеу жұмыстары жүргізілетін туралы сұрақтар қойды. Сұрақтарына жауап алып, жөндеу жұмыстарына атсалыса қатысатындарын айта келе, ұжымды жөндеу жұмыстарына белсене қатысуға шақырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі қаралатын үшінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша медбикесі Аятова Айдана сөйлеп, жаз мезгіліндегі азық-түлікпен, тамақтың сапасын арттыру, 10 күндік ас мәзірін құру туралы сөйледі. Жаз мезгілінде міндетті түрде тамақтардың әртүрлігін арттырып, жемістер мен көкөністер нормасы арттырылатыны туралы айтты. Жемістер мен көкөністердің құрамында бала ағзасына қажетті дәрумендер өте көп. Дәрумендер балалардың ой-өрісін, бойының, дене бұлшық еттерінің мығым болуына, көздің жақсы көруіне әсер етеді. Жемістерден : алма, жүзім, банан, көкөністерден : сәбіз, қияр, қызанақ, қырыққабат, сияқты түрлі жемістер мен көкөністерді балаларға көбірек беруіміз керек деп атап өтті. Ас мәзірі әр 10 күнге алдын ала құрылып, бекітіліп отырады деп сөзін аяқтады.

Жарыссөзге шыққандар: шаруа меңгеруші Шегебаева Сауле сөйлеп, жаз мезгіліндегі тамақтың сапасы мен табиғи өнімдер, жеміс пен көкөністер ас мәзіріне қосылатынын айтты.

Өндірістік кеңестің шешімі:

1. Тазалық, тамақтану, дезинфекция ережесін сақтаудағы шұғыл бақылау нәтижесі «жақсы» деп бағалансын.
2. Бөбекжайдың ағымдағы жұмыстарының күндері белгіленіп, жөндеу жұмыстары жүргізілсін.
3. Жаз мезгілінде азық-түлік пен тамақтардың сапасы арттырылып, 10-күндік ас мәзірін құрылсын

Бөбекжай-бақша меңгерушісі:

 **А.Е.Тургунбекова.**

Хатшы:

 **Д.У.Куралбаева**

